

Бекітемін  
С. Торайғыров атындағы  
облыстық әмбебап ғылыми  
кітапханасының басшысы  
Ш.Б. Шахметова  
«\_\_\_» 20 ж.

**«ОҚУҒА ҚҰШТАР ӨҢІР – 2023»  
ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Оқуға құштар өңір – 2023» атты облыстық байқауын өткізу тәртібін реттейді.

1.2. «Оқуға құштар өңір – 2023» облыстық байқауы (бұдан әрі - Байқау) келесі мақсаттарда өткізіледі:

- әдебиеттің маңыздылығы мен ерекше миссиясын, кітаптың жаңа буынның дүниетанымын қалыптастырудың рөлін ұғынуға жәрдемдесу, өңір тұрғындарының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру;

- облыс кітапханаларының республиканың мәдени кеңістігінде әдебиетті дамытуға қосқан үлесін бағалау және көтермелесу, олардың өңір тұрғындары үшін оқудың қолжетімділігін арттыру бойынша күш-жігері.

1.3. Байқау жыл сайынғы негізде өткізіледі.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы – Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

1.5. Байқау туралы ақпарат, байқау құжаттамасы және байқау өтінімдерін ресімдеу тәртібі облыстық кітапхананың ресми сайтында жарияланады.

1.6. Байқауды өткізу мерзімі: 2023 ж. ақпан – 2024 ж. ақпан.

**2. Байқауға қатысуышылар**

2.1. Байқауға қатысуға облыстың барлық ОКЖ шақырылады.

**3. Байқаудың қазылар алқасы**

3.1. Байқаудың қазылар алқасы оның жария өкілді органды болып табылады, оның құзыретіне байқауға ұсынылған өтінімдерді қарау және бағалау, жеңімпаздарды анықтау кіреді.

3.2. Байқаудың қазылар алқасы 5 адамнан тұрады.

3.3. Қазылар алқасының төрағасы Байқау ұйымдастырушысының келісімі бойынша көпшілік дауыспен қазылар алқасы мүшелерінің арасынан сайланады. Ол қазылар алқасының жұмысын ұйымдастыруға жауап береді, оның отырыстарын жүргізеді және Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысады.

3.4. Байқаудың қазылар алқасы өз жұмысының нәтижелері мен жоспарланған ішаралар туралы ақпаратты үнемі таратады.

#### **4. Байқаудың ұйымдастыру комитеті**

4.1. Байқаудың ұйымдастыру комитеті – байқаудың қазылар алқасының жұмысын, байқау өтінімдерін жинауды, байқаудың барысы туралы БАҚ-та және байқаудың ресми ресурстарында хабарлауды қамтамасыз етеді.

4.2. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қолдаумен, байқау шеңберінде барлық іс-шараларды практикалық іске асырумен және әкімшілендірумен айналысады.

#### **5. Байқауды өткізу кезеңдері**

5.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі: байқау өтінімдерін жинау және оларды қарau, жеңімпаздарды таңдау.

5.2. Байқаудың басталғаны туралы хабарлау ұйымдастыру комитеті облыстың тиісті бейінді ұйымдарына, сондай-ақ облыстық кітапхананың ресми сайтына жіберетін ақпараттық хаттардың көмегімен жүргізіледі.

#### **6. Байқау өтінімдерін жинау**

6.1. Байқауға қатысу үшін кітап пен оқуды ілгерілету, өнірдің әдеби дәстүрлерін қолдау бойынша ең жарқын жобаның тұсауқесерін қамтитын өтінімді, сондай-ақ қатысушының байқау жеңімпазы атағына талабын негіздейтін кез келген басқа да қосымша материалдарды ұсыну қажет.

6.2. Байқау өтінімдері мен қосымша материалдар қайтарылмайды.

6.3. Байқау өтінімдерін жинау 2024 жылдың 01 ақпанынан кешіктірілмей аяқталады.

6.4 Байқау өтінімдері мен қосымша материалдар «Байқау өтінімі» деген белгімен электрондық пошта арқылы ([metod\\_pavlib@mail.ru](mailto:metod_pavlib@mail.ru); [metodpavlib@yandex.kz](mailto:metodpavlib@yandex.kz)/ жіберіледі). Курьерлік жеткізу үшін мекенжай: 140000 Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 104, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана. Электрондық хаттарда байқау қатысушысының қосымша материалдары бар файлдарды салуға және сыртқы ресурстар мен дереккөздерге сілтемелер жасауға болады.

6.5 Байқауды ұйымдастырушылар байқауға арналған ақпараттық және таныстыру материалдарын жасау үшін байқау өтінімдеріне жіберілген фотоларды, бейнероликтерді және өзге де құжаттарды пайдалануға құқылы.

#### **7. Іріктеу критерийлері**

7.1 Байқауға қатысу үшін өнірлер бір жыл ішінде іске асырылған, іске асыру тиімділігі мен халықты көп қамтитын әдеби жобаның тұсауқесерін ұсынуы тиіс;

7.2 Байқау оқырмандық белсенделіктің статистикалық, сандық көрсеткіштерін бағалауды көздейді;

7.3 Өнірдің әдеби дәстүрлерінің байлығын, оның әдеби өмірінің белсенделілігін ашатын оқу үшін кеңістік құры.

## **8. Байқау жеңімпаздарын анықтау**

- 8.1. Қазылар алқасы байқау критерийлері бойынша үздік оқитын аймақты таңдайды.
- 8.2. Байқау жеңімпаздарын таңдау қазылар алқасы мүшелерінің дауыс беруі негізінде балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады (1-ден 10 балға дейін).
- 8.3 Бағалау кезінде жобаны іске асыруда шығармашылық тәсілге, оның әлеуметтік және мәдени маңыздылығына көп көңіл бөлінеді. Аймақтың жаңа әдеби дәстүрлерін қолдауға немесе құруға бағытталған жобаларға артықшылық беріледі. Сауалнамада ұсынылған деректердің толықтығы мен шынайылышы аймақты бағалаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.
- 8.4. Байқау қорытындысы БАҚ-та және облыстық кітапхананың ресми сайтында жарияланады.

## **9. Байқау жеңімпаздарын марапаттау**

- 9.1. Байқау жеңімпаздарын марапаттау 2023 жылдың ақпан айынан кешіктірілмей өтеді.
- 9.2. Байқаудың қазылар алқасы марапаттаудың нақты күнін және орнын марапаттауға дейін екі аптадан кешіктірмей анықтайды.
- 9.3. Байқау жеңімпазына құрметті диплом, бағалы сыйлық, «Оқитын аймақ» естелік мүсіншесі және кітапхана қорын толықтыру үшін кітаптар жиынтығы беріледі. Келесі жылы жеңімпаздарға құрметті қонақ ретінде облыстық басты мәдени іс-шараларына – облыстық кітапхана өткізетін көрмелерге, форумдарға, тұсаукесерлер мен конференцияларға қатысу мүмкіндігі беріледі.

## **10. Байланыс ақпараты**

Телефон: 32-44-97

E-mail: metod\_pavlib@mail.ru; metodpavlib@yandex.kz/

Курьерлік жеткізу үшін: Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев к-сі, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана, кітапханаларды дамыту бөлімі (КДБ).

### **«Окуга қүштар өңір – 2023» облыстық байқауының қазылар алқасы**

1. Ақсақова Әсель Мынжасарқызы – мәдениет және өнер бөлімінің басшысы.
2. Байғалы Шолпан – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі
3. Шахметова Шолпан Баянқызы – С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы.
4. Алпысбай Хонж – жазуши, сатирик, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі
5. Жылқыбекова Айнагүл Айтжанқызы - С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бөлім басшысы

**«Оқуга құштар өңір – 2023» облыстық байқауының ұйымдастыру  
комитеті**

1. Исакаева М.Ж. – КДБ әдіскері
2. Алкенова Т.К. – КДБ әдіскері
3. Садвақасова А.Т. – КДБ әдіскері